

Бекітілген
«Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ
«Областық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» директорының
06 мамыр 2024 жылғы № 117-Ө
бұйрығымен

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекеменің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (бұдан әрі – Стандарт) «Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес жасалған, сонымен қатар Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары салалардағы тыйымдар, шектеулер мен рұқсаттарды айқындайды.

2. Стандарттың мақсаты – Кәсіпорын жұмыс барысындағы (қызметіндегі) сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету.

3. Стандарттың міндеттері:

1) қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлық қалыптастыру және олардың жауапкершілігін арттыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтап, олардың жағымсыз салдарын болдырмау;

3) Кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелі жоғары салаларда.

4. Стандарттың қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) ашықтық (транспаренттілік);
- 3) этикалық нормаларды сақтау;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

5. Стандарт Кәсіпорын қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін адал орындауын және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуына бағытталған іс-қимылдары мен шешімдерін айқындайды.

6. Осы стандарттың тыйымдары, шектеулері мен рұқсаттары келесі жағдайларда қолданылады:

- 1) Кәсіпорынның Жарғылық мақсатын жүзеге асыру барысында;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;
- 3) Кәсіпорын қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында.

7. Стандартты орындау Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті.

8. Стандарт талаптарының орындалуын бақылау Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері басшыларына жүктеледі.

9. Стандарт талаптарының орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы үшін әрбір Кәсіпорын қызметкері жеке жауапкершілікке тартылады.

10. Стандарт талаптарының орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы үшін тәртіптік немесе материалдық жауапкершілік Кәсіпорын басшысының шешімімен белгіленеді.

11. Стандарттың сақталуы (немесе сақталмауы) қызметкерлердің аттестаттау және қызмет нәтижелілігін бағалау кезінде ескеріледі.

2. Басқарушылық және өзге де шешімдер қабылдау кезіндегі мінез-құлық ережелері (тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар)

12. Қызметтік міндеттерін орындау барысында өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында қызметтік жағдайды пайдаланбау.

13. Қызметтік міндеттерін орындау барысында жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау.

14. Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббирлеуден, сондай-ақ олардың атынан әрекет етуден тартыну.

15. Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелемеу және ынталандырмау.

16. Әріптестер мен басшыларға олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден тартыну.

17. Ресми таратылуға жатпайтын қызметтік (құпия) және басқа да ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес артықшылықтар мен жеңілдіктер алу мақсатында пайдаланбау.

18. Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға қызметтік өкілеттіктерді пайдалану арқылы мүліктік пайда, артықшылық алу үшін сыйлық бермеу және бейресми қызметтер көрсетпеу.

19. Қызметтік өкілеттіктерді орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау.

20. Өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға себеп болмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою және қызметін жақсарту үшін сындарды конструктивті түрде пайдалану.

21. Шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпау.

22. Мүдделер қақтығысын болдырмау, пайда болған жағдайда оны заңнамаға сәйкес жою шараларын қабылдау.

23. Ата-аналар, жұбайлар, бауырлар, әпке-қарындастар, балалар сияқты жақын туыстық қатынастағы адамдардың тікелей бағыныштылығына немесе бақылауына қатысты лауазымдарды қабылдаудан бас тарту.

24. Заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген құқық бұзушылықтар мен басқа да құқық бұзушылықтарды жасамау.

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік таныту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау.

26. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделілік пен сыбайлас жемқорлыққа бейімділік туралы, сондай-ақ сыйлықтар алу немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу фактілері туралы тікелей басшыға баяндау.

27. Тікелей басшының нұсқауының заңдылығына күмән болған жағдайда, жоғары басшыға жазбаша түрде шұғыл хабарлау.

28. Тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған жағдайда, жоғары басшылыққа жүгіну.

29. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік этикетті және ресми мінез-құлықтың белгіленген ережелерін сақтау.

30. Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап етіп, оларды қолдау.

31. Мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен олардың салдарының туындау мүмкіндігін болдырмау үшін тұрақты негізде шаралар қабылдау.

32. Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы процедураларды қолдану (сақтау) мәселелері бойынша жеке кеңестер ұйымдастыру.

33. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволар мен ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқа да іс-шаралар өткізу.

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу туралы ақпаратты қабылдау үшін сенім телефоны мен электрондық пошта жәшігі бар құпия ақпараттандыру жүйесі жұмыс істейтінін қызметкерлер мен клиенттерге хабарлау.

35. Ұжымдағы бірлікті нығайтуға жәрдемдесу, мемлекеттік тілге, ресми түрде қолданылатын орыс және Қазақстан халқының басқа тілдеріне құрметпен қарау.

36. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету.

3. Кәсіпорынның ішкі құжаттарының жобаларын дайындау немесе қарау кезіндегі мінез-құлық ережелері (тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар)

37. Өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында нормативтік құқықтық актілерді, Кәсіпорынның жергілікті актілерін әзірлеуге жол бермеу.

38. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды алып тастау.

39. Құқыққа қарсы және сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттерге ықпал ететін сыбайлас жемқорлық тудыратын нормаларды анықтау мақсатында қабылданған ішкі құжаттарға талдау және сараптама жүргізу, жобаларда тиісті алдын алу шараларын көрсету.

40. Бұрын қабылданған ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жүргізу, ал егер сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын нормалар анықталса, оларды жою бойынша шаралар қабылдау.

4. Сатып алу, коммерция және кадрлар салаларында еңбек функцияларын орындау кезіндегі мінез-құлық ережелері (тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар)

4.1. Сатып алу қызметін жүзеге асыру кезінде

41. Кәсіпкерлік және басқа да табыс табуға байланысты қызметті жүзеге асыруға ешкімге жәрдемдесу мүмкіндігінен бас тарту.

42. Жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе тікелей басшының жақын туыстары болып табылатын адамдардың осы әлеуетті жеткізушінің бірінші

басшысы және (немесе) уәкілетті өкілі ретінде жеткізушіні таңдау немесе сатып алу процесінде өкіл болуына жол бермеу.

43. Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (орындаушысы) ретінде қатысуға жол бермеу.

44. Тендерлік/сараптамалық комиссияның жұмысына және комиссия шешім қабылдауына қандай да бір қысым көрсетпеу.

45. Сатып алу рәсімдеріне қатысу кезінде әлеуетті жеткізушілерге адал бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін тең мүмкіндіктер беру.

46. Сатып алу процесінің ашықтығын және айқындығын қамтамасыз ету.

47. Сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

48. Сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды жедел қарау үшін қандай да бір пайда алу немесе созбаландыққа итермелеу туралы белгілі болған жағдайлар туралы дереу басшылыққа хабарлау.

4.2. Коммерциялық қызметті жүзеге асыру кезінде

49. Қызмет көрсету туралы өтініштерді қарау барысында созбаландыққа жол бермеу.

50. Қызмет көрсету үшін міндетті емес қосымша құжаттарды талап етпеу және сұратпау.

51. Сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды жедел қарау үшін қандай да бір пайда алу немесе созбаландыққа итермелеу туралы белгілі болған жағдайлар туралы дереу басшылыққа хабарлау.

52. Біреудің жеке табыс табуға байланысты кәсіпкерлік немесе басқа қызмет түрлерін жүзеге асыруына жәрдемдесуден бас тарту.

4.3. Кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде

53. Кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде жақын туыстық қатынастағы адамдардың (ата-аналар, жұбайлар, бауырлар, әпке-қарындастар, балалар) тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына жол бермеу.

54. Жоғары лауазымға үміткерлерді іріктеу кезінде меритократия қағидатын басшылыққа алу (басқару қағидасы, оған сәйкес басшылық лауазымдарды әлеуметтік шығу тегіне және қаржылық жағдайына қарамастан ең қабілетті адамдар атқаруы тиіс).

55. Кадрларды жерлестік немесе жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыруға жол бермеу.

56. Басшылық лауазымдарға қабылдау кезінде негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру.

57. Қызметкерлердің жеке мәліметтерін негізсіз беруге жол бермеу.

58. Қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтау.

4.4. Персоналды басқару кезінде

59. Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.

60. Қызметкерлер мен басқа да лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактілеріне жол бермеу және оларды тоқтату.

61. Қызметкерлерді бейресми сипаттағы мәселелерді шешуге, жеке тапсырмаларды орындауға тарту үшін лауазымдық өкілеттіктерді пайдаланбау.

62. Жоғары тұрған, төмен тұрған немесе қызметі бойынша тәуелді лауазымды тұлғалармен ақшалай немесе мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау.

63. Бақылауындағы лауазымды тұлғалар арасында жұмыс жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу.

64. Қызметкерлерге лауазымдық міндеттерінен тыс немесе заңнамаға қайшы келетін бұйрықтар бермеу.

65. Қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерін нақты және анық айқындау.

66. Бақылауындағы лауазымды тұлғалардың қызмет нәтижелерін бағалау кезінде әділдік пен объективтілік таныту, сондай-ақ көтермелеу мен тәртіптік шараларды қолдану.

67. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою.

68. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде туындаған мүдделер қақтығысын уақтылы реттеу бойынша шаралар қабылдау.